

Ыбырайхан Марат Ыбырайханұлының 8D02202-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихы» диссертациясына
ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихы» атты Ыбырайхан Марат Ыбырайханұлының диссертациясы тақырыбы ғылым дамуының негізгі бағыттарына сай келеді. Тақырып Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының, «Рухани жаңғыру» және «Архив-2025» бағдарламаларында көрсетілген негізгі мәселелерді қамтиды.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u>	Диссертанттың жұмысы ғылыми зерттеулерді іске асыру жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылымды дамыту басымдықтарына сай жүргізілген. 2022–2024 жылдарға арналған басымдықтар арасынан 8-ші басымдық: «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер», 2024–2026 жылдарға арналған басымдықтар арасынан: «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағытымен сәйкес.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы анық/анықталмаған.	Зерттеу жұмысы Отандық тарих ғылымына елеулі үлес қосады, ал оның маңыздылығы ашылған. Алғаш рет Орталық Қазақстандағы ауылдық елді мекендер тұрғындарының «тоқырау

			<p>жылдарындағы» күнделікті өмір тарихы зерттелген. Осыған дейін өзге өңірлердегі және басқа тарихи кезеңдердегі ауылдық аймақ тұрғындарының күнделікті өмір тарихын зерттеуге талпыныстар жасалған. Диссертант отандық зерттеушілердің арасында алғашқылардың бірі болып қалалық кеңістікті зерттеу шеңберінен шығып, ауылдық аумақтардағы тұрғындардың күнделікті тарихы, өмір әлемі, өмір стилі және т.б. ғылыми-теориялық маңызы бар мәселелерді қарастыруға басымдық берген. Күнделікті өмір тарихы бағытындағы зерттеулер отандық тарих ғылымының дамуына және жаңа зерттеу әдіс-тәсілдерін пайдалану мен қалыптастыруға өз үлесін қосады. Күнделікті тарих бойынша зерттеу жүргізу кеңестік кезеңдегі еліміздің тарихын тануға қолайлы және қажет зерттеу ұстанымдарын дамыта алатыны үшін маңызды болып келеді. Бүгінгі күнде ауылдық аймақтарды дамыту үшін тұрғындарының өткен тарихын зерттеу және олардың тарихи үрдістегі орнын анықтау маңызды. Диссертациялық жұмыста тек ғылыми-теориялық маңыздылықтан бөлек, практикалық және қолданбалы маңыздылығы ашылып көрсетілген. Диссертацияда келтірілген ойлар мен тұжырымдарды бүгінгі күндегі ауыл аумақтарын дамыту бойынша мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдер, ұзақ мерзімді бағдарламалар мен жеке іскерлік жобалардың ғылыми негіздемесін қалыптастыру үшін маңызды екендігі атап өтіледі. Бүгінгі күндегі ауылдық аумақтардағы мәселелердің бірқатары кеңестік кезеңнен бері қордаланып келе жатқанын ескерсек, сонымен қатар ұтымды әрі ұзақ мерзімге тиімді жоспарлар құру қажеттілігіне мән берсек, өткен ғасырдағы ауылдық елді мекен тұрғыны мәселесіне тереңірек үңіле түсу қажет. Бұл мұқият қарастыруға тарих ғылымы өз үлесін қосады, ал оның ішіндегі күнделікті өмір тарихы бағытындағы зерттеулер ғылымның дамуы үшін ғана емес, қоғам өзгерісіне қажетті шешімдерді қабылдау үшін маңызды болып келетіндігі диссертациялық жұмыста ескерілген.</p>
--	--	--	---

3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзіжазбаған 	<p>Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертация зерттеушінің өз бетімен жазған, түпнұсқалық және өзге зерттеулерге ұқсамайтын жұмысы болып табылады. Зерттеу жұмысында қолданылған архивтік материалдар мен ауызша деректер, бейнедеректер мен баспасөз материалдары алғаш рет айналымға енгізілген.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Зерттеу жұмысының өзектілігін автор толық негіздеп шыққан. Тақырыптың өзектілігі ауылдық аймақтардағы күнделікті өмір тарихының отандық тарихнамада жеткілікті зерттелмеуімен байланысты. Сонымен қатар, еліміздегі ауылдық аумақтарды дамыту мәселелері де маңызды болып табылады. Сондықтан тақырыпты зерттеу ауыл елді-мекені өткені мен бүгініне баға беруге қажет. Бұл берілетін баға ғылыми және қолданбалы маңыздылыққа ие болып келеді. Осылайша бұл маңыздылықтар диссертацияның кіріспе бөлімінде анық көрсетілген. Өзектіліктің екі құрамдас бөлігі: ғылыми және практикалық деңгейлері айқындалған. Ғылыми тұрғыдағы өзектілігі бүгінде күндегі еліміздің тарих ғылымында жаңа зерттеу бағыттарының қажеттілігімен байланысты болып келеді. Сонымен қатар, практикалық тұрғыда тиімді шешімдер қабылдау үшін зерттеу және шешім қабылдау объектісі ретіндегі – адамды қарастыру маңыздылығы күн сайын артып келе жатқандығы дәйектелген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 	<p>Зерттеу жұмысының мазмұны тақырыпты толықтай ашып көрсетеді. Бұл зерттеу құрылымының логикалық түрде берілуімен дәлелденеді.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 	<p>Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Автор диссертациялық жұмыстың мақсаты ретінде – 1964–1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихын зерттеуді алған. Диссертация тақырыбына сүйенген мақсат толығымен зерттеу бағытына сай</p>

		<p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>болып келеді. Диссертация авторы алдына келесі міндеттерді қойған: күнделікті өмір тарихын зерттеу бойынша теориялық-методологиялық негізін анықтау; күнделікті өмір тарихы бойынша ғылыми жарияланымдардың негізгі тобын және тарихнамалық үдерістерді қарастыру; негізгі дереккөздерді сараптау және зерттеудің дерекнамалық базасына сипаттама беру; Орталық Қазақстанның экономикасы мен табиғи-шаруашылық ерекшеліктерін көрсету; этнодемографиялық сипаттың өзгерісін талдау; баспанамен қамтамасыз ету және құрылыс ісінің жағдайын сараптау; табыс, тамақтану, сауда және тұтыну мәселелерін зерттеу; жеке қосалқы шаруашылықтың мүмкіндіктері мен кемшіліктерін айқындау; ауыл шаруашылығындағы еңбек жағдайы мәселелерін бағалау; ауылдық аймақтағы денсаулық сақтау мен медицинаның жағдайын бағамдау; білім беру мәселелерін сипаттау; мәдениет пен өнер мәселелерін ауылдық аймақ ерекшелігі бойынша талдап түйіндеу. Барлық қойылған міндеттер диссертация құрылымына сәйкес.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдары логикалық тұрғыда өзара байланысқан, ішкі бірлік сипатымен құрылған. Жұмыстың құрылымы анықтама, қысқартылған сөздер, кіріспе, төрт бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалардан тұрады. Бөлімдер мен параграфтардың мазмұны ауыл елді-мекеніндегі күнделікті өмірдің әртүрлі аспектілерін ашады. Ол үшін «тоқырау жылдарының» ерекшелігі, дағдарысты құбылыстардың жинақталуы және т.б. мәселелердің қарастырылуы ескерілген. Жұмыс мазмұны ішкі бірлікке ие және диссертанттың деректер мен тарихнаманы қарастыра отырып зерттеуі нәтижесінде зерттеу логикасына бағындырылған. Диссертация құрылымы ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптар деңгейіне сай құрылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер</p>	<p>Зерттеу жұмысының авторы шетелдік және отандық әдебиеттерге</p>

		(қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	сыни талдау жүргізген. Жан-жақты сыни талдау дерекнамалық кешенге, оның ішінде Орталық Қазақстандағы ауылдық аймақ тұрғынының күнделікті өмірі мәселелері бойынша ауызша материалдарға жүргізілген. Бұрыннан белгілі шешімдерді бағалау үшін XX ғ. 30 жж. бастап бүгінгі күнге дейін жинақталған кең көлемді тарихнама талданған: батыс еуропалық, яғни неміс, француз, итальян және т.б., посткеңестік, кеңестік кеңістікте жазылған еңбектер сараптамаға түскен.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу нәтижелері және қорғауға шығарылған тұжырымдар, толығымен жаңа. Жаңа нәтижелер мен қағидаттар төрт қазақстандық және үш ресейлік архив құжаттары, 100-ден астам респонденттен алынған сұхбаттар материалдары, бейнедеректер, сол заманның баспасөз жарияланымдары негізінде қалыптастырылған. Қалыптастыру барысында жаңаша, заманауи әдіс-тәсілдер қолданысқа түскен. Атап айтсақ, ресейлік зерттеушілердің күнделікті өмір тарихы бойынша ізденістерінің нәтижелері және неміс, сонымен қатар өзге де еуропалық ғылыми мектептердің жетістіктері қазақстандық кеңістіктегі тарихи оқиғаларды сараптауға пайдаланылған. Отандық тарих ғылымында кең қолданылмайтын ауызша тарих бағытының әдіс-тәсілдері және материал жинау әдістемесі XX ғ. тарихын зерттеуге кең қолданылған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация бойынша қорытындылар толығымен жаңа. Қорытындылар Қазақстанның өзге өңірлеріндегі және тұтас республикадағы ауылдық аймақтардың тұрғындарының күнделікті өмірі тарихы мәселелерін әрі қарай зерттеуге негіз болуға лайық. Сонымен қатар, диссертация қорытындылары негізінде қолданбалы өзектілігі жоғары мәселелерді шешуге болады. Ауылдық аумақтарды дамыту үшін атқарылатын іс-шараларды жоспарлауда диссертация қорытындыларын бірқатар мәселелер бойынша басшылыққа алу мүмкіндігі бар. Мысалы, тұрғын үймен қамтамасыз ету, жеке қосалқы шаруашылықты

			жем-шөппен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау ісіндегі алдын алу шаралары және т.б.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық және ұйымдастырушылық шешімдер ішінара жаңа және негізделген. Жұмыс мазмұнында зерттеудің осы түріне арналған, стандартты және сатылы әдістемесі көрсетілген, тақырыпты зерттеу барысында зерттеу жұмыстары үшін ғылыми зерттеулердің жалпы қабылданған әдістері мен ұстанымдары қолданылады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative search және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми көзқарас тұрғысынан салмақты болып келетін дәлелдерге негізделген. Бұл ауылдық аймақтағы күнделікті өмір тарихына байланысты архивтік деректер, ауызша материалдар және ғылыми әдебиетті сараптаумен расталады. Жазбаша деректер келесі архивтерден жинақталған: Қарағанды облысы Мемлекеттік архиві, Ұлытау облысы Мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Президенті архиві, Ресей Федерациясы Мемлекеттік архиві, Ресей Мемлекеттік Экономика архиві, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві. Ауызша деректер Орталық Қазақстанның әртүрлі аудандарындағы, 1930-1960 жж. аралығында туылған тұрғындардан жиналып, интервью материалы ретінде 120-дан астам респонденттен алынған. Респонденттер әртүрлі мамандық иелері және әртүрлі этностар пен әлеуметтік топтардан тұрады. Ғылыми әдебиеттер: алыс және жақын шетел ғалымдарының зерттеулерінен құралған. Диссертациялық жұмыстың негізін қалыптастыруға ресейлік күнделікті өмір тарихы бойынша зерттеушілердің еңбектері және батыс еуропалық ғылыми мектептердің тұжырымдары пайдаланылған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме?	<i>Бірінші тұжырым</i> Орталық Қазақстанның ауыл елді-мекендеріндегі тұрғындардың «тоқырау жылдарындағы» күнделікті өмір тарихын зерттеуге арналған теориялық-

		<p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>методологиялық негізді әзірлеумен байланысты. Күнделікті өмір тарихын зерттеу бойынша ғылыми-философиялық және теориялық мәселелер әдебиеттер арқылы қарастырылып, тақырыпты зерттеуде ресейлік зерттеуші Н.Л. Пушкиреваның күнделікті өмір тарихы бойынша ұстанымдары және неміс ғалымы М. Дингестің жаңа әлеуметтік тарих бойынша «өмір стилі» теориясы қолданылған.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген.</p> <p><i>Екінші тұжырым</i> зерттеу жұмысы бойынша тарихнамалық талдауға арналған. Ғылыми мәселе бойынша тарихнамалық талдауда әдебиеттер 3 топтың құрамында көрсетілген: шетелдік, сонымен қатар посткеңестік елдердің ғалымдары; кеңестік, сонымен қатар ҚазКСР зерттеушілері; тәуелсіз Қазақстан зерттеушілерінің еңбектері. Тарихнамалық талдау нәтижесінде мәселені қарастыруға және зерттеуге арналған әдебиеттің 3 кезеңдегі жинақталуы және мазмұндық тұрғыдан баюы үрдісін кезеңдеудің авторлық нұсқасы ұсынылған: шетелдік және кеңестік тарихнамадағы жұмыстардың 1-ші кезеңде: 1930–1960 жж. және 2-ші кезеңде: 1960–1980 жж. аралығында, 3-ші кезеңде 1990 ж. бастап бүгінгі күнге дейін: посткеңестік, оның ішінде ең бай тарихнамаға ие ресейлік тарихшылардың еңбектері және тәуелсіз Қазақстан тарихшылары жұмыстарының жарыққа шығуы.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p>
--	--	--	---

			<p><i>Үшінші тұжырымда</i> Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының «тоқырау жылдарындағы» күнделікті өмір тарихын зерттеуге қолданылған деректер кешеніндегі негізгісі ретінде ауызша және жазбаша деректер ұсынылады. Жазбаша деректерді негізінен іс-қағаз құжаттары құраса, ауызша деректер негізінен сұхбаттар мәліметтерінен тұрады. Зерттеу жұмысындағы ойлар мен тұжырымдар негізінен ауызша және жазбаша деректер арасындағы қарама-қайшылықтан құралады.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p> <p><i>Төртінші тұжырым.</i> Орталық Қазақстанның экономикасы мен табиғи-шаруашылық ерекшеліктері көрсетіліп, негізінен өнеркәсіпті өңір сипаты айқындалған. Өңірдің шаруашылық түрлерін жүргізу бойынша ішкі ерекшеліктері анықталып, ауыл елді-мекендерінің дамуындағы негізгі үрдістер сарапталған.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p> <p><i>Бесінші тұжырым.</i> Жалпы өңірдегі демографиялық және өңірдің ауылдық аймақтарындағы этнодемографиялық жағдай сарапталған. Ауылдық аймақтардағы 1960 жж. дейін қалыптасқан этнодемографиялық сипаттың үлкен өзгерістерсіз сақталуы, тек 1960–1970 жж. аздаған өзгерістер ғана қалыптасқан сипатты бекіте түскені дәлелденген. Ауылдық аймақтарда қазақтардың саны аз аудандар болғаны, қазақ ұлты санының табиғи өсім есебінен артқаны әртүрлі деректермен расталған.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген</p>
--	--	--	---

			<p>7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p> <p><i>Алтыншы тұжырым.</i> Баспанамен қамтамасыз етудің қалалық аймақтардағы жетістіктері аз пайдаланылып, бұл мәселені шешу негізінен тұрғындардың өз қолында болғаны көрсетілген. Алғашқы жетістіктер 1970 жж. ортасынан бастап байқалғаны расталған. Негізінен ауыл шаруашылығы мамандары мен жұмыскерлерін баспанамен қамтамасыз етуге басымдық беріліп, тұрғын үй салу ісі өндірістік қалаларға жақын орналасқан аумақтарда оңтайлы шешілгені дәлелденген.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p> <p><i>Жетінші тұжырым.</i> Кеңестік кезеңдегі ауылдық аймақтардағы тұрғынның негізгі табыс көзі – жалақы мәселесі талданып, өңірдің республика бойынша ерекшелігі, өңірішілік өзгерістер айқындалған. Сауда, тұтыну мен қамтамасыз етуде одақтық және республикалық деңгейдегі қарама-қайшы тенденциялар сақталып, тапшы тауар алудың бейресми жолдары кең қолданылғаны дәлелденген. Теміржол тораптарынан алыс аумақтарда орналасқан елді-мекендерді қамтамасыз етуде қиындықтар кездескені анықталған.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p> <p><i>Сегізінші тұжырым.</i> Жеке қосалқы шаруашылық негізгі табыс</p>
--	--	--	---

			<p>көзі ретінде болмаса да, бір реттік және қомақты табыс көзі болғаны көрсетілген. Жеке қосалқы шаруашылықтың зор мүмкіндіктеріне қарамастан мемлекеттің шектеу қоюы мәселесі бірқатар заңсыздықтарға алып келгені айқындалған. 1982 ж. Азық-түлік бағдарламасы қабылданғанға дейін Орталық Қазақстандағы жеке қосалқы шаруашылықтағы мал саны артып, құжат қабылданған соң, бұл іс бұрынғыдан жоғары қарқынмен өрлегені анықталған. Қазақтар басым аудандарда мал өсіруге басымдық берілсе, өзге ұлт өкілдері басым аудандарда бау-бақша өсірудің дамуы талданады.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p> <p><i>Тоғызыншы тұжырым.</i> Ауыл шаруашылығындағы еңбек жағдайының ауырлығы екі қарама-қарсы құбылыс салдарынан туындағаны байқалады. Алдымен, еңбек жағдайы ауыр болғандықтан жастар салада тұрақтағысы келмеді, осылайша жастардың өзге салаларға кетуі, жұмыс күші тапшылығын туғызып, еңбек жағдайын ауырлата түскені дәлелденеді. Еңбектің көп бөлігі қолмен атқарылып, механикаландыру деңгейінің төмендігі мен техниканың көбеюі жағдайында мемлекеттік жоспардың ұлғаюы айқындалған.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p> <p><i>Оныншы тұжырым.</i> Денсаулық сақтаудағы теріс құбылыстар мен тенденциялар сырқаттың алдын алу емес, тек салдарымен күрес, тамақтану мен еңбек жағдайындағы кемшіліктерден</p>
--	--	--	---

			<p>туындағаны анықталған. Сонымен қатар, сырқат түрлері ертеден сақталып келе жатқан және жаңадан пайда болған түрлерге бөлінгені көрсетілген. Мемлекеттік медициналық қызмет 1980 жж. екпе дәрісінің күшімен бірқатар жұқпалы ауру түрлерін толық жойғанымен, тек салдармен күрес шараларымен айналысумен ғана шектелгені айқындалған. Қоршаған экологиялық ортаның бұзылуы және алкогольді ішімдіктің күнделікті өмірге кеңінен енуі денсаулық сақтауға бағытталған мемлекеттік шаралар әсерін төмендеткені дәлелденген.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p> <p><i>Он бірінші тұжырым.</i> Білім беру қоғамдағы тұлғаны қалыптастырудың маңызды бөлігі ретінде әрекет еткені көрсетілген. 1960–1970 жж. оқушы санының артуы жағдайында, мектеп санының азаюы ұсақ мектептер орнына ірі мектеп-интернаттардың пайда болуымен байланысты екендігі дәлелденген. Бала ата-ана мен мектеп арасында тәрбиеленіп, ата-аналар мектеп мұғалімдеріне жоғары сенім білдіргені әртүрлі деректермен айқындалған. Білім берудің ішіндегі басым бағыт ретінде еңбек тәрбиесі басты назарға алынғаны анықталған.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p> <p><i>Он екінші тұжырым.</i> Мәдениет пен өнер саласы қатаң идеологиязацияға ұшырып, адамдардың бос уақытын өткізуге де тікелей мемлекеттің араласуы көрсетілген. Бұл жағдайларда ұлттық өнерден негізінен айтысқа мән беріліп, саланың негізгі</p>
--	--	--	--

			<p>жұмысы көркемөнерпаздар ұжымымен атқарылғаны дәлелденген. Мәдени қызмет көрсету негізінен кино көрсетуге сүйеніп, көп жағдайда мәдени орындарда атқарылып, мал шаруашылығы аудандарында автоклубтар күшімен жүргізілгені сарапталған. Халықтың өз мәдениетін сақтаудың бір белгісі ретінде айтыстың жандануы және өзге мерекелердің оңды аталып өтілуі маңызды екендігі айқындалған.</p> <p>7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген</p> <p><i>Диссертация тақырыбы бойынша жасалған барлық тұжырымдар диссертанттың ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК ұсынған басылымдар мен халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған мақалаларында сынақтан өткен.</i></p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау негізделген және жеткілікті түрде толыққанды сипатталған. Жұмыста жалпы ғылыми және арнайы тарихи әдістер қолданылып, негізгі методологиялық құрал ретінде пайдаланылған. Зерттеу жұмысы келесі жалпы ғылыми әдістерге сүйенген: анализ және синтез, индукция және дедукция. Зерттеу міндеттерін шешуге қажет жалпы ғылыми әдістермен бірге келесі арнайы зерттеу әдістері де қолданылған: идеографиялық, тарихи-типологиялық, микротарих, тарихи-салыстырмалы, проблемалық-хронологиялық, элеуметтік талдау, ауызша интервью және т.б. Зерттеу жұмысында ауызша интервью әдісі замануи және ғылыми қажеттілігі мен маңыздылығы жоғары әдіс ретінде жиі пайдаланылған. Бұл әдіске жүгіну ауыл елді-мекені тұрғындарының өздері жасаған құжаттардың аздығына байланысты қажет болған. Ауызша интервью материалдарын жинау әдістемесіне ресейлік ғалым, Алтай өңірін зерттеуші Щеглова Т.К. еңбектері негізге алынған.</p>

		<p>Ауызша интервью материалдарын жинау әдістерінің арасынан К. Гирицтың тереңдетілген интервью әдісі қолданылған. Зерттеуде интервью материалдары тарихи антропологияның толыққанды және қанық сипаттау тәсілі арқылы жинақталған.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің нәтижелері қазіргі заманғы әдістер, деректерді өңдеу әдістемелерін және мәліметтерді интерпретациялау тәсілдерінің пайдаланылуымен компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Оның ішінде компьютерлік технологиялар респонденттерден жиналған ауызша деректер мен материалдарды өңдеу және талдауға қолданылған. Бұл жұмыстар ауызша тарих бағытындағы мәліметтерді өңдеу әдістемесінің шеңберінде жүргізілген.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Теориялық қорытындылар анықталған, өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеудің кең ауқымды деректік негізімен дәлелденген және расталған. Диссертант үш ресейлік және төрт қазақстандық архивте жұмыс жасаған, сонымен қатар респонденттерден алынған ауызша интервью материалдары қолданылып, алынған нәтижелердің объективтілігі жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Негізінен ауызша интервью материалдары эксперименттік зерттеулер негізінде жинақталған. Алғаш рет көп көлемдегі ақпарат, саны көп респонденттерден жинақталып, зерттеу жұмысында белсенді түрде қолданылған. Эксперименттік зерттеу ретінде респонденттерден алынған ақпараттар әртүрлі бағыттағы сауалдарды қою арқылы жинақталып, негізінен кеңестік кезеңдегі стереотиптер мен ұлттық дәстүр негіздерін анықтауға бағытталған.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің маңызды тұжырымдары өзекті және сенімді ғылыми әдебиетке сілтемелермен расталған. Жұмыста пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздердің 420-дан астам аталымына не көлемдегі ауқымды тізімі келтірілген. Автор</p>

			шетелдік және отандық жарияланымдарға сілтеме келтірген, сонымен қатар кеңестік кезеңнің жазбаша материалдарын кең қолданған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Әдебиеттің пайдаланылған көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Диссертация авторы ауылдық аймақтардағы күнделікті өмір тарихы мәселелері бойынша ғылыми әдебиетке кең көлемде шолу жүргізген. Сонымен қатар, диссертацияда алыс шетелдік ғалымдардың түпнұсқа тіліндегі еңбектері: ағылшын тілінде аз, француз, неміс, итальян тілдерінде мүлде келтірілмеген. Негізінен аталған еңбектер орыс тіліндегі аударма нұсқасында қарастырылып, қолданылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы бар. Себебі, Орталық Қазақстандағы «тоқырау жылдарындағы» ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихын кешенді зерттеуге талпыныс жасалған. Зерттеу күнделіктілік тарихы мәселелерінің теориясы мен практикасын әзірлеуге, сонымен қатар отандық тарих ғылымындағы ауылдық аймақтар тарихын зерттеу үшін маңызды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және қол жеткізілген нәтижелердің іс жүзінде қолданылу мүмкіндіктері жоғары. Диссертация өзекті тарихи мәселелерді шешуге көмектесе алады. Нәтижелер қазіргі замандағы Қазақстан тарихы, өлкетану, әлеуметтік тарих бойынша курстарды әзірлеу мен оқуда, кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихы, Орталық Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихы, әлеуметтік-мәдени тарих, жаңа әлеуметтік тарих, аграрлық тарих бойынша ғылыми жарияланымдарды әзірлеуде қолданылуы мүмкін.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Практика үшін ұсынымдар толығымен жаңа. Зерттеу нәтижелерінің теориялық қорытындылары және жалпылама тұжырымдары өңірдің және республиканың әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени тарихын зерттеуге негіз бола алады. Зерттеуде алынған тәжірибелер еліміздегі ауылдық

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	аймақтарды дамыту бойынша мемлекеттік әлеуметтік және экономикалық саясаттың басым бағыттарын Орталық Қазақстанның мысалында анықтауға көмектесе алады.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық хаттың сапасы жоғары, зерттеу жұмысы қабылдауға түсінікті ғылыми тілде жазылған. Алайда мәтінде грамматикалық қателіктер мен стилистикалық бұлыңғырлықтар кездеседі. Бірақ, ол жасалған жұмыс жайлы оң әсерге кері ықпал ете алмайды.

Қорытынды: Ыбырайхан Марат Ыбырайханұлының 8D02202-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихы» диссертациясы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сай орындалған, толық аяқталған ғылыми жұмыс және «Дәрежелер беру Ережесінде» көрсетілген диссертациялық талаптарға толығымен сәйкес келеді деп есептеймін. Сол себепті Ыбырайхан Марат Ыбырайханұлына 8D02202-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді толық қолдаймын.

Ресми рецензент

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, доцент

07.11 2023 ж.



А.И. Құдайбергенова